

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ БАЛАНЫҢ ОТБАСЫНА
КЕҢЕС БЕРУ КЕЗІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК
ПЕДАГОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІН
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Әдістемелік ұсынымдар

Алматы 2024

УДК 159.922.7
ББК 88.8
Б-22

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданып, ұсынылған (26.09.2024 жылдың хаттама № 45).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің Инклюзивті және арнайы білім беру Департаменті қолдануға ұсынған (07-1-07-4/1225-И 18.02.2025 ж.).

Құрастырушы-авторлар:

Ерсарина А.К. – психол. ғ.к., АИБД ҰҒПО-ның Диагностика және арнайы педагогикалық қолдау зертханасының меңгерушісі.

Қуттыбаева Ж.К. – АИБД ҰҒПО-ның Диагностика және арнайы педагогикалық қолдау зертханасының әдіскері.

Рецензентер:

Оразаева Г.С. – пед. к.пед. ғ.к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Педагогика және психология институтының директоры, доцент.

Слямханова К.Б. – «Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Өтеген батыр ауылының № 5 облыстық ПМПК» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы.

Балаларды әлеуметтік-педагогикалық тексеру және баланың отбасына кеңес беру кезінде әлеуметтік педагогтың қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету: әдістемелік ұсынымдар / Ерсарина А.К., Қуттыбаева Ж.К. - Алматы: АИБД ҰҒПО, 2024. Аудармашылар: Қуттыбаева Ж.К., Абылқайрова А.К. - 74 стр.

ISBN 978-601-14-0297-2

Ұсынымдарда психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда (ПМПК) мүмкіндігі шектеулі баланың отбасын әлеуметтік-педагогикалық тексеруді, консультациялауды ұйымдастыру және мазмұны мәселелері баяндалған. Әдістемелік ұсынымдар ПМПК әлеуметтік педагогтарына, сондай-ақ мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсететін мамандарға арналған.

УДК 159.922.7
ББК 88.8

ISBN 978-601-14-0297-2

© ННПЦ РСИО, 2024

© Ерсарина А.К., Қуттыбаева Ж.К., 2024

ҚЫСҚАРТУЛАР, ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);

мүгедектігі бар бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

баланы және оның отбасын әлеуметтік-педагогикалық тексеру - балалардың әлеуметтік қолдау қажеттіліктері мен қажеттіліктерін анықтау;

әлеуметтік-педагогикалық көмек - отбасына кеңес беру және әлеуметтік даму, әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу (қажет болған жағдайда) ;

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер – адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын негіздерді еңсеру үшін адамға (отбасына) жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған көрсетілетін қызметтер кешені;

дәрігерлік-консультациялық комиссия (ДКК) – меншік нысанына және ведомстволық тиістілігіне қарамастан, медициналық ұйымда құрылатын комиссия еңбекке уақытша қабілетсіздігін сараптау үшін пациенттерді медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу, аурудың бар-жоғын анықтаған кезде баланы үйге оқытуға жіберу, бақылау.

медициналық-әлеуметтік сараптама МӘС – мүгедектікті және (немесе) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілей отырып (белгілемей), организм функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған қуәландырылатын адамның тіршілік-тынысының шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларына қажеттіліктерін айқындау;

мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасы (ОЖБ) – мүгедектігі бар адамды абилитациядан және оңалтудан өткізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін оның жеке қажеттіліктері негізінде белгілейтін құжат.

ҚР - Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
МП РК - Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
МТСЗН РК - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі
АИБД ҰҒПО - Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлт-
тық ғылыми-практикалық орталығы
ПМПК - психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация
ЖХЖ - Жұмыс істеу, тіршілік әрекеті мен денсаулық шектеулерінің ха-
лықаралық Жіктемесі
БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
НЕГІЗГІ БӨЛІГІ	
I. ПРОБЛЕМАЛАРДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ЖӘНЕ МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ	
1.1. Оңалтудың әлеуметтік моделі (негізгі принциптер).....	8
1.2. ЖХЖ – мүмкіндігі шектеулі бала мен оның отбасы үшін қысқаша сипаттамасы және оның маңызы	9
1.3. Үй бағдарламалары	13
II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	14
III. ПМПК-ДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ	
3.1. Әлеуметтік педагог қызметінің мақсаты, міндеттері (қызмет бағытры).....	17
3.2. Әлеуметтік-педагогикалық тексеру	19
3.3. ПМПК-дағы әлеуметтік педагог қызметінің тәртібі	20
3.4. Баланың отбасына ұсыныстар әзірлеу.....	25
3.5. Отбасылық кеңес беру	28
3.6. Отбасы үшін баланың әлеуметтік-тұрмыстық оңалту бағдарламасын әзірлеу	33
ҚОРЫТЫНДЫ.....	39
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	40
ҚОСЫМШАЛАР.....	42

КІРІСПЕ

Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде Қазақстан Республикасының соңғы Нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ПМПК) және басқа да білім беру ұйымдарының қызметі әлеуметтік-педагогикалық модель негізінде жүзеге асырылады [1-5].

Әлеуметтік-педагогикалық модель ПМПК қызметінің жаңа бағыттарын енгізу арқылы іске асырылады:

- ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және ЕББҚ етеітн бар бала үшін арнайы оқу жағдайларын анықтау;

- баланың даму проблемаларын, оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтік бейімделу қиындықтарын бағалауда психологиялық-әлеуметтік-педагогикалық үлесті арттыру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтік оңалту бойынша ата-аналарға консультациялық көмек көлемін кеңейту.

Баланы әлеуметтік-педагогикалық тексеру оның даму ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуді қамтамасыз ететін кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттеудің бөлігі болып табылады. ПМПК-дағы әлеуметтік-педагогикалық тексерудің негізгі мақсаты - балалардың әлеуметтік қолдау қажеттіліктерін анықтау, отбасына кеңес беру және әлеуметтік даму, әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру мәселелері бойынша ұсынымдар (қажет болған жағдайда) әзірлеу. ПМПК әлеуметтік зерттеу моделіне көшуіне байланысты ПМПК әлеуметтік педагогтарына ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету мақсатында кәсіби жұмыс сапасын арттыруға ықпал ететін жұмыста білім мен жаңа құралдар қажет. Жоғарыда айтылғандардан ПМПК әлеуметтік педагогтарына арналған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу қажеттілігі туындады.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты - ПМПК әлеуметтік педагогтарының қызметінің мазмұнын анықтау. ПМПК-ға ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-педагогикалық тексерудің негіздерін ұйымдастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру үшін бағдарламалар әзірлеу. Осы әдістемелік ұсынымдардың міндеттері:

- ПМПК-да әлеуметтік-педагогикалық зерттеу мазмұнын ұсыну
- өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту бағдарламаларын құру бойынша ұсыныстар әзірлеу

Қойылған міндеттер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлі-

гінің (ҚР ОА), Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (ҚР ЕХӘҚМ), ҚР Әлеуметтік кодексінің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің мазмұны мен шеңберінде ашылды.

Әдістемелік ұсынымдар ПМПК-дағы балаларды зерттеу бағдарламаларында, сауалнама материалдарында, жақын және алыс шет елдердің әдебиеттерінде баяндалған әлеуметтік-педагогикалық зерттеу тәжірибесін зерделеу негізінде, сондай-ақ АИБД ҰҒПО РММ диагностикалық-консультативтік бөлімінде жүргізілетін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері негізінде жасалды.

НЕГІЗГІ БӨЛІГІ

I. ПРОБЛЕМАЛАРДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ЖӘНЕ МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

1.1. Оңалтудың әлеуметтік моделі (негізгі принциптер)

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде мемлекет пен қоғамның БҰҰ-ға мүше елдердегі мүгедектігі бар адамдарға көзқарасы әлеуметтік оңалту тұжырымдамасына (моделіне) негізделген. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның "Бала құқықтары туралы" (1989), "Мүгедектердің құқықтары туралы" (2006) конвенцияларын ратификациялау негізінде мүгедектігі бар балаларға көмек көрсетудің әлеуметтік моделінің идеялары мен қағидаттарын барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың қызметіне белсенді түрде енгізуде; отандық нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау: «Бала құқықтары туралы» (2002), «Білім туралы» (2007), «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы және қолдау туралы» (2002), Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі (2023).

Әлеуметтік модель қоғамның барлық мүшелері үшін тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер тұжырымдамасына және функционалдық бұзылулары бар адамның өмірін қалыпқа келтіруге негізделген. Адамдардың өмір сүру сапасы бұзушылықтармен емес, олардың толыққанды өмір сүруіне кедергі келтіретін нәрселермен анықталады, яғни, бұзушылықсыз басқа адамдар сияқты өмір сүру [7].

Медициналық (биологиялық) модельден айырмашылығы, онда мүгедектік проблемасы емделмейтін аурулармен, бұзылулармен байланысты болды және көмектің барлық көлемі белгіленген диагноз шеңберінде шектелді (жеңілдіктер мен жәрдемақыларды бөлу, арнайы мекемелерге жіберу және т. б.), ал әлеуметтік модель адамның бұзушылықтарын және осы бұзушылықтарға байланысты туындаған проблемаларды анықтауға емес, мүгедекке туындайтын қиындықтар мен шектеулерді анықтауға, ең алдымен қоғамдағы жағдайларға байланысты негізделген.

"Бұл қоғам бұзылған адамның толыққанды өмір сүруіне жол бермейтін кедергілер жасайды. Бұл анықтама мүгедектікті оңалтудың әлеуметтік тұжырымдамасына негіз болды (дәйексөзі. «Жұмыс істеу, тіршілік әрекеті мен денсаулық шектеулерінің халықаралық Жіктемесі») аббр. ЖХЖ [7].

Білім беру жүйесінде мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалту тәсілдері проблемаларды бағалаудың және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға көмек көрсетудің әлеуметтік-педагогикалық моделі шеңберінде іске асырылады.

Әлеуметтік-педагогикалық модель келесі принциптер арқылы жүзеге асырылады:

- баланың отбасындағы өмірін қалыпқа келтіру, баланың отбасының өмірін қалыпқа келтіру (күн тәртібін қалыптастыру, әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру, баланың отбасының күнделікті өміріне қатысуы, әлеуметтік белсенділіктің әртүрлі түрлері, қоғамға интеграция) [16, 17];

- баланың және оның отбасының қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бағдарланған мамандардың, оның ішінде әлеуметтік педагогтың баланың және оның отбасының қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бағытталған (баланың даму сәтінде не істей алады, қандай қиындықтарға тап болады, дағдыларды дамыту үшін не қажет және т. б.);

- баламен жұмыстың барлық кезеңдерінде ата-аналарды тарту және белсенді қатысу, баланың дамуын сұраудан мен бағалаудан, дағдыларды дамыту бағдарламасын әзірлеуден, оны іске асырудан бастап, бағдарламаның тиімділігін бағалауға дейін (бағдарламаны іске асыру кезеңінде әлеуметтік педагогпен сүйемелдеу);

- бала мен отбасының мықты жақтарына сүйену, бала мен отбасының мүмкіндіктері мен ресурстарын анықтау (баланың қызығушылығы мен белсенділігіне сүйену, отбасы ресурсын анықтау: отбасы мүшелерінің тілегі мен қолдауы, балаға арналған арнайы жабдықтардың болуы және т. б.);

- баланың психоәлеуметтік дамуы отбасында және жақын әлеуметтік ортада жергілікті қоғамға тән қарым-қатынас және балалар іс-әрекетінің әдеттегі түрлері арқылы жүруі керек [7-8].

Жоғарыда аталған әлеуметтік модель принциптері ПМПК әлеуметтік педагогының қызметіне мүгедектігі бар балаларға көмек көрсетудің жаңа тәсілдері мен технологияларын енгізу қажеттілігін анықтады.

1.2. ЖХЖ – мүмкіндігі шектеулі бала мен оның отбасы үшін

Мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың әлеуметтік моделінің принциптері халықаралық қоғамдастықта кеңінен таралған 2001 жылғы 22 мамырда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қабылдаған ЖХЖ - «Жұмыс істеу, тіршілік әрекеті мен денсаулық шектеулерінің халықаралық Жіктемесі» барынша іске асырылды. Ол әлеуметтік жіктеулерге жатады, медициналық емес, денсаулықтың бұзылуын ғана емес, олардың жеке тұлғаның жұмысына, оның белсенділігіне және өмірдің әртүрлі салаларына қатысуына әсерін, оның күшті жақтарын, қабілеттері мен оңалту әлеуетін ескере отырып бағалайды [7].

Біріккен Ұлттар ұйымының ЖХЖ қабылдауы мүмкіндігі шектеулі

адамдарға көмек көрсетудің медициналық моделінен әлеуметтік моделіне өзгеруіне әкелді.

Әлеуметтік модельдің негізгі принциптерін келесі ережелерде көрсетуге болады:

- тіршілік әрекетін шектеу белсенділік шектеулерінің себебі емес;
- белсенділікті шектеудің себебі - қоғамды ұйымдастыру;
- байланысқа, оқуға, қозғалысқа, сәулетке, экономикаға байланысты кедергілер денсаулық жағдайына байланысты кедергілерден кем емес.

Балалар мен жасөспірімдердің даму проблемаларын бағалау үшін кешенді оңалтудың нақты атаулы бағдарламаларын жасау және баланы қоғам өміріне енгізу мақсатында балалар мен жасөспірімдердің (туғаннан 17 жасқа дейін) Жұмыс істеу, тіршілік әрекеті мен денсаулық шектеулерінің халықаралық Жіктемесі (БЖ-ЖХЖ) – МКФ-ДП әзірленген. (International Classification of Functioning, Disability and Health. Children & Youth Version – ICF-CY) [8].

БЖ-ЖХЖ балалар мен жасөспірімдердің күнделікті өмірі тұрғысынан олардың жұмыс істеуі мен өміріндегі шектеулер туралы түсінік береді, бұл олардың жағдайына нақты сипаттама беруге және үлкен назар мен көмекті қажет ететін аймақтарды анықтауға және құрастыруға мүмкіндік береді, және баланы қоғам өміріне енгізу бойынша кешенді оңалту бағдарламасын әзірлеу.

ЖХЖ екі бөліктен тұрады, олардың әрқайсысы екі компоненттен тұрады:

1 бөлім. Тіршілік әрекетінің жұмыс істеуі және шектеулері:

- а) ағзаның функциялары мен құрылымдары
- б) белсенділік және қатысу

2 бөлім. Контекст факторлары:

- а) қоршаған орта факторлары
- б) жеке факторлар.

Кесте 3

ЖХЖ бөлімдерінің мазмұны

(b) функциялары және соған байланысты организм құрылымдары (s) белсенділік /қатысу шектеулеріне қатысты	- жүйке жүйесінің психикалық функциялары мен құрылымдары - сенсорлық (көз, құлақ және оларға қатысты құрылымдар) және ауырсыну, - дауыс пен сөйлеуге қатысатын дауыс пен сөйлеу және құрылымдар - жүрек-қан тамырлары, қан, иммундық және тыныс алу жүйелері және тиісті құрылымдар, - ас қорыту, эндокриндік жүйелер және метаболизм-және сәйкес құрылымдар,
---	---

	- урогенитальды және репродуктивті жүйелерге жататын урогенитальды және құрылымдар - жүйке-бұлшықет, қаңқа және қозғалысқа байланысты функциялар мен құрылымдар - тері; тері және оған қатысты құрылымдар
Белсенділік және қатысу	d1 білім беру және қолдану d2 жалпы тапсырмалар және құрылыс d3 байланыс d4 ұтқырлық d5 өзіне-өзі қызмет көрсету d6 тұрмыстық өмір d7 тұлғааралық қарым-қатынас және қарым-қатынас d8 өмірдің негізгі бағыттары d9 қауымдастықтардағы өмір, қоғамдық және азаматтық өмір
Қоршаған орта факторлары	e1 өнім және технология e2 табиғи орта және адам жасаған қоршаған ортаның өзгеруі e3 қолдау және байланыс e4 көзқарастар e5 қызметтер, әкімшілік жүйелер және саясат

Әлеуметтік педагогтар үшін зерттеу кезінде ең бастысы «белсенділік және қатысу» сияқты өмірлік маңызды компоненттер болып табылады. Белсенділік белгілі бір тапсырманы немесе әрекетті орындауды білдіреді. Белсенділікті шектеу – бұл күнделікті өмірінде баланың белсенділікті жүзеге асырудағы қиындықтар, оларды бала күнделікті өмірде сезінуі мүмкін.

Қатысу – ЖХЖ-тын негізгі компоненты, ол баланың әртүрлі өмірлік жағдайларға қатысуын сипаттайды (баланың қарым-қатынасқа, әртүрлі іс-шараларға, қоғам өміріне қаншалықты қатысатындығы). Егер белсенділік баланың жеке сипаттамасы болса, онда қатысу – бөлінген сипаттама: бала және оның айналасындағы адамдар, оларды қабылдау және қатысу мүмкіндігін беру. Қатысу мүмкіндігін шектеу – бұл баланың күнделікті өмірлік жағдайларға қатысуы мүмкін проблемалар. Күнделікті өмірлік жағдайлар үнемі орын алады, мысалы, тамақтану, дене мүшелеріне күтім жасау, дәретханаға бару, серуендеу. Белсенділік пен қатысу өмірлік эпизодтарда және күнделікті өмірлік жағдайларда көрінеді. Әлеуметтік даму проблемаларын бағалау үшін белгілі бір дағдыны қалыптастыру және баланы қоғам өміріне қосу үшін бағдарламалар жасау үшін баланың белсенділігі мен қатысуын пайдалану қажет.

ЖХЖ-тын екінші бөлігі контекстік факторларды қамтиды. Қоршаған орта факторлары физикалық және әлеуметтік жағдай туғызады, бала қайда тұрады және уақытын қалай өткізетінін білдіреді. Қоршаған орта факторлары баланың мүмкіндіктерін жүзеге асыруға оң немесе теріс әсер етуі мүмкін. Қоршаған орта факторлары келесі компоненттермен өзара әрекетте-

седі: ағзаның функциялары мен құрылымдары, белсенділігі және қатысуы.

Қоршаған орта факторлары әртүрлі деңгейлерде жіктелуде ұсынылған:

- жеке деңгейде, яғни баланың тікелей қоршаған ортасымен байланысты (отбасы, үй ортасы, балабақша немесе мектеп; таныстармен, құрдастарымен байланыс; қоршаған физикалық орта (өнім және технология, экология және т. б.);

- қоғам деңгейінде – бұл адамға әсер ететін қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік құрылымдар, жалпы көзқарастар мен талаптар. Бұл деңгейге әртүрлі мемлекеттік органдар, көлік және коммуникация қызметтері және т. б. кіреді.

Қоршаған орта (кедергілері бар және жеңілдететін факторлары жоқ) баланың қоғамдағы белсенділігі мен қатысуын шектей алады және әртүрлі кедергілер (мысалы, пандустардың немесе даму орталықтарының болмауы) немесе қолдаудың әртүрлі түрлерінің болмауы (көмекші техникалық құралдардың болмауы, немесе мамандардың көмегі болмауы) оның мүмкіндіктерін жүзеге асыруға кедергі келтіруі мүмкін.

Жеке факторлар – бұл жеке тұлғаның жеке сипаттамалары: жынысы, жасы, әдеттері, тәрбиесі, білімі, жеке басы мен мінезінің түрі, бейімділігі және т.б. Жеке факторлар – денсаулықтың өзгеруінің немесе денсаулық көрсеткіштерінің бөлігі емес.

Әлеуметтік педагог үшін әлеуметтік мәселелерді бағалау және әлеуметтік-педагогикалық ұсыныстарды әзірлеу кезінде қоршаған ортаның қолайлы және қолайсыз факторларын анықтау және бағалау өте маңызды, өйткені олар баланың мүмкіндіктерін іске асыруға және оның әлеуметтік бейімделуіне айтарлықтай оң немесе теріс әсер етуі мүмкін.

ЖХЖ-ты қолданудың негізгі мақсаты – баланың және оның отбасының өмірін қалыпқа келтіруге ықпал ету. Мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсету үшін «Жұмыс істеу, тіршілік әрекеті мен денсаулық шектеулерінің халықаралық Жіктелмесін» пайдаланудың бірқатар артықшылықтары бар:

- кішкентай баланың дамуындағы маңызды факторға көп көңіл бөлінеді: ата-аналардың қатысуы мен көзқарасы, отбасының әлеуметтік және тұрмыстық өмірі, қарым-қатынас және қоршаған орта;

- баланың және оның отбасының күшті жақтарын, әлеуеті мен ресурстарын анықтауға бағытталған;

- ата-аналар мамандардың бірлескен жұмысына қосылып сарапшылар ретінде функционалдық шектеулер мен тіршілік әрекеттерін бағалауда болады.

ЖХЖ-дағы бағалау жүйесі тең серіктестік қатынастарды құруды көздейді, бұл болашақта ата-аналарды баланың дамуы, оқуы және тәрбиесі процесіне тарту үшін ең қолайлы мүмкіндіктер мен жағдайлар жасайды.

ЖХЖ-дың басты мақсаты – тіршілік әрекетінің (белсенділік пен қатысудың) шектеулерін бағалау негізінде баланы мамандар ғана емес, сонымен

қатар үйде ата-аналар да жүзеге асыру мақсатында әлеуметтік оңалту бағдарламаларын әзірлеу.

1.3. Үй бағдарламалары

Қазіргі уақытта балаға және оның отбасына көмек көрсету, бағдарламалары сияқты әдістер, ең өзекті және перспективалы болып саналады. Ата-аналарға арналған бағдарламаның міндеті – баланы белгілі бір дағдыға үйрету. Біріншіден, оңалту табиғи-экологиялық тәсіл негізінде құрылуы керек, яғни бағдарлама үйде, бала тұратын отбасы шеңберінде жүзеге асырылады. Сирек кездесулер кезінде мекеме мамандарына қарағанда баланы тезірек үйрете алатын тек қана ата-аналар және үй жағдайында. Әсіресе, мүгедектігі бар балалар үйде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру бағдарламаларына мұқтаж. Бағдарламалар баланың денсаулығын ескере отырып жеке болуы керек. Бағдарламаны баланың отбасы үшін ата-анасының қатысуымен әлеуметтік педагог ұсынады және құрастырады, және оны отбасы мүшелері жүзеге асырады. Әлеуметтік педагог ата-аналарға әзірленген бағдарлама бойынша үйретеді. Ата-аналар баланы үйде дағдыларға үйрету бағдарламасын жүзеге асырады. Әлеуметтік педагог консультациялық қолдау көрсетеді, баланың үйде үйреніп жатқан дағдылар бойынша бақылау процесі жүргізіледі. Бағдарлама бойынша нәтижелерге тек отбасында және жақын әлеуметтік ортада, ата-ана мен баланың күнделікті қызметі арқылы қол жеткізуге болады.

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі уақытта Қазақстанда халықты, оның ішінде мүгедектігі бар балаларды әлеуметтік қорғау жүйесі құрылды, бұл 2023 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде 2023 жылғы 20 сәуірде № 224-VII ҚРЗ ұсынылған [6].

Әлеуметтік кодекс қазіргі кездегі барлық әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік қолдау нысандарының сақталуын қамтамасыз етуге арналған. Негізгі бағыттардың бірі әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін трансформациялау болып табылады, оның мақсаты мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну адамның (отбасының) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілігін бағалау және айқындау негізінде жүзеге асырылады. Мүгедектігі бар адамның отбасы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге белсенді қатысады.

Әлеуметтік Кодексте әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері, әлеуметтік қорғау саласындағы адамдардың құқықтары жарияланды. Халықты әлеуметтік қорғау бағыттары және оларды іске асыру тәртібі, мүгедектігі бар адамдарды мемлекеттік қолдау, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, оның ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреттері көрсетілген.

Әлеуметтік кодекске сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган:

1) мүгедектігі бар адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім алуын қамтамасыз етеді;

2) білім беру саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

3) білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

4) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында бақылауды жүзеге асырады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 165 бұйрығында жазылған «Білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» [5]. Бұл Нормативтік-құқықтық құжат білім беру ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің сапасын, көлемін және шарттарын белгілейді. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектілерге:

1) жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға

арналған білім беру ұйымдары (ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтары, отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, жасөспірімдер үйі);

2) арнайы білім беру ұйымдары (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес, оңалту орталығы, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, арнайы мектеп-интернаты);

3) арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары, сондай-ақ баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдары жатады.

Арнайы әлеуметтік қызметтер:

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;
- әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- әлеуметтік-психологиялық қызметтер;
- әлеуметтік-педагогикалық қызметтер, мұндай қызметтерді

қамтиды:

1) әлеуметтік-педагогикалық консультация беру;

2) түзету-педагогикалық сүйемелдеу;

3) көрсетілетін қызметті алушылардың тәрбиелеу және білім беру процесін ұйымдастыру, олардың әлеуметтенуіне, бейімделуіне және әлеуметтік ортаға ықпалдасуына жәрдемдесу;

4) көрсетілетін қызметті алушылардың дене мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілеттерін ескере отырып, білім алуына (орта, орта-арнайы және жоғары) жәрдемдесу;

5) өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, жеке гигиена, тұрмыста және қоғамдық орындарда өзін-өзі бақылау, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру бойынша қызметтер;

6) педагогикалық және түзету-дамыту диагностикасын жүргізу, жеке тұлғаны, баланың даму деңгейін тексеру.

- әлеуметтік-еңбек қызметтер
- әлеуметтік-мәдени қызметтер
- әлеуметтік-экономикалық қызметтер
- әлеуметтік-құқықтық қызметтер

ПМПК-да әлеуметтік педагог келесі әлеуметтік-педагогикалық қызметтерді көрсетеді:

1) әлеуметтік көмек және қызмет көрсету мәселелері бойынша әлеуметтік-педагогикалық консультация беру;

2) отбасы жағдайында дағдыларды қалыптастыру бағдарламаларын әзірлеу түрінде өзіне-өзі қызмет көрсету, жеке гигиена, тұрмыстағы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

3) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласындағы норма-

тивтік-құқықтық актілер шеңберінде бала мен отбасының әлеуметтік қолдау алу құқықтары бойынша ата-аналарға консультация беру

Жоғарыда аталған қызметтерді көрсету үшін ПМПК әлеуметтік педагогы әлеуметтік қорғау мен денсаулық сақтаудың нормативтік-құқықтық құжаттарында жақсы білу тиіс:

1. Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығы (стационар, жартылай стационар жағдайында, үйде)"» [13].

2. Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 бұйрығы. Қосымша 3. "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары [12].

3. Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығы. Бұйрықта әлеуметтік оңалту жөніндегі іс-шаралар регламенттелген: протездік-ортопедиялық көмек көрсету, тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз ету, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, стационар, жартылай стационар, үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және санаторий-курорттық емдеу [14].

4. Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ – 34 бұйрығы. ДКК медициналық қорытынды береді: ата-анасының немесе заңды өкілдерінің келісімімен мүмкіндігі шектеулі 18 жасқа дейінгі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу туралы; үйде оқыту мәселесін шешу үшін баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды; үйде денсаулық жағдайы бойынша оқыған түлектерді, ұзақ емделуге мұқтаж және балаларға, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған санаторий үлгісіндегі емдеу-профилактикалық және (немесе) сауықтыру білім беру мекемелерінде болған балаларды мемлекеттік (қорытынды) аттестаттаудан өткізу туралы мәселені шешу үшін пациенттің денсаулық жағдайы туралы; протездік -ортопедиялық бұйымдармен; үйде, стационарлық жағдайда немесе сырттай қуәландыру (қайта қуәландыру) мақсатында МӘС-ке жіберілген туралы, ОЖБ-ның әлеуметтік және кәсіптік бөлігін қалыптастыруға немесе түзетуге жіберілген жағдайларда [11].

III. ПМПК-ДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

3.1. Әлеуметтік педагог қызметінің мақсаты, міндеттері (қызмет бағыттары)

Әлеуметтік педагогтың қызметі ПМПК қызметінің тәртібі (№385 бұйрық) және ПМПК-дағы психологиялық-медико-педагогикалық тексеру мен кеңес беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады [3].

ПМПК-дағы әлеуметтік-педагогикалық тексерудің мақсаты – мүгедектігі бар балаға барлық қажетті әлеуметтік қызметтерді алуда отбасына қолдау көрсету және ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету.

Әлеуметтік педагог қызметінің бағыттары.

1. Әлеуметтік-педагогикалық тексеру. Міндеті:

- баланың дамуы мен отбасының әлеуметтік ортасын зерттеу;
- мүгедектігі бар баланың немесе оның отбасының алатын немесе қажет ететін әлеуметтік қолдау көлемін анықтау.

2. Бала мен отбасының әртүрлі әлеуметтік көмек пен қызметтерді алу қажеттіліктерін бағалау. Бала мен отбасының әлеуметтік қажеттіліктерін анықтау:

- мүгедектікті ресімдеу, жәрдемақы, жеңілдіктер және басқа да әлеуметтік көмектерді алу;

- үйде немесе медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет алу

- реабилитациялық техникалық құралдармен, протездік-ортопедиялық көмекпен, қосалқы (компенсаторлық) құралдармен, жүріп-тұруға арналған арнайы құрылғылармен қамтамасыз ету;

- жеке көмекші (еріп жүруші тұлға) қызметін алу, есту қабілеті төмен адамдарға арналған ымдау тілі маманынан көмек алу, санаторлық-курорттық емдеуге жолдама алу және т.б.

3. Баланы тәрбиелеп отырған отбасына кеңес беру және әлеуметтік көмектер мен қызметтерді алу бойынша құқықтық ұсынымдар жасау.

4. Балаға әлеуметтік-тұрмыстық бейімдеу бағдарламаларын әзірлеу. Ата-аналардың ұсынысы мен өтініштеріне қарай, баланың белгілі бір дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жеке бағдарлама жасалады (қасықпен тамақтану, кеседен су ішу, горшокты қолдану, киім шешу/кию және т.б.).

Әлеуметтік-педагогикалық тексеру ПМПК-дағы жалпы пәнаралық тексерудің бөлігі болып табылады, психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру мен кеңес беру ПМПК Бағдарламасында белгіленген, сол

тәртібіне қарай сәйкес жүргізіледі. Кешенді тексеруді жүргізу тәртібі бір-неше кезеңнен тұрады:

1. Ата-аналар консультацияға жүгінген кезде олардың шағымдары мен сұраныстарын нақтылау (баланың дамуындағы қандай мәселелер алаңдатады және консультациядан не күтеді).

2. Баланың даму тарихы мен әлеуметтік жағдайы туралы алдын ала мәліметтерді жинауды консультацияның барлық мамандары ПМПК-ның Типтік ережелеріне сәйкес белгіленген тәртіпте жүзеге асыра алады [3].

3. Психологиялық-медициналық-әлеуметтік-педагогикалық тексеру:

1) Медициналық және әлеуметтік-психологиялық (анамнезбен және даму тарихымен) танысу. Тексеру стратегиясы мен тактикасын анықтау. Тексеруді өткізу үшін қажетті жағдайларды ұйымдастыру.

2) Танысу, мамандарды таныстыру. Сұраныс пен шағымдарды нақтылау. Тексеру барысында мамандардың ата-аналармен әңгімелесуі.

3) Психологиялық тексеру.

4) Логопедиялық тексеру.

5) Педагогикалық тексеру.

6) Неврологиялық және психиатриялық тексеру.

7) Әлеуметтік-педагогикалық тексеру.

Өртүрлі тексеру түрлерінің реттілігі баланың жеке ерекшеліктеріне және тексерудің жағдайына байланысты өзгеруі мүмкін.

4. Тексеру нәтижелерін алқалық\\коллегиальное талқылау. Медициналық тексеру нәтижелері бойынша психоневрологиялық және соматикалық денсаулық мәселелерінің әсерін бағалау, сондай-ақ психотілдік дамудың ерекшеліктері (бұзылыстары) мен әлеуметтік дамудың баланың әлеуметтік-психикалық бейімделуіне ықпалын анықтау: іс-әрекет, қарым-қатынас, мінез-құлық, оқу және тәрбие үдерісі тұрғысынан қарастыру.

5. Ерекше білім беру және өзге де қажеттіліктерді анықтау, сондай-ақ отбасында және білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларын жасау бойынша тиісті ұсыныстар әзірлеу.

6. ПМПК-ның жалпы қорытындысын шығару немесе қосымша тексерудің қажеттілігі туралы шешім қабылдау (бастапқы тексеру бірден төрт қабылдауға дейін жалғасуы мүмкін).

7. Ата-аналарды баланың дамуы мен әлеуметтенуіндегі мәселелер бойынша кеңес беру, оларды еңсеру жолдары мен жағдайлары туралы ұсыныстар беру.

Қажет болған жағдайда ПМПК мамандары отбасы үшін жеке консультациялар жүргізіп, медициналық, психологиялық-әлеуметтік-педагогикалық сипаттағы нақты жеке ұсыныстар әзірлейді.

8. Кері байланыс. Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, ұсынылған ұсыныстарды олардың дұрыс түсінуін нақтылау.

3.2. Әлеуметтік-педагогикалық тексеру

Әлеуметтік-педагогикалық тексеру бірнеше кезеңнен тұрады.

1. Ата-аналардың шағымдары мен өтініштерін нақтылау (баланың дамуына не мазалайды және кеңес беруден не күтеді)

Ата-аналар ПМПК-ға жүгінген кезде, әлеуметтік педагог баланың дамуына қатысты қандай да бір шағымдар немесе әлеуметтік көмек пен қызмет көрсету бойынша сұраныстар бар-жоғын анықтайды. Әдетте, бұл санатқа ерекше қажеттіліктері бар балалардың отбасылары кіреді. Әлеуметтік педагог ата-аналардан әлеуметтік көмек алу барысында қиындықтар кездескен-кездеспегенін, сондай-ақ қандай да бір кеңес алғысы келетінін нақтылайды.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының ерекшелігі ата-аналар әрдайым баланың мәселесін дұрыс тұжырымдай алмайды, әсіресе мектепке дейінгі жастағы балаларға қатысты, сондықтан әлеуметтік педагогтың міндеті баланың және отбасының жағдайын жан-жақты зерттеп, маңызды жайттарды өз бетінше анықтау.

2. Баланың дамуындағы әлеуметтік жағдай мен анамнездік деректерді алдын ала жинау барлық ПМПК мамандармен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік педагог, кеңес берудің басқа мамандары сияқты, анамнестикалық мәліметтерді жинауды және баланың дамуының әлеуметтік жағдайының ерекшеліктерін жүзеге асыра алады. Әлеуметтік педагог жиналған анамнестикалық мәліметтермен танысқан жағдайларда ерекше назар аудару керек:

А) түрлі құжаттарды зерделеу:

- баланың мүгедектігі бар-жоғы немесе ауыр даму бұзылыстары болған жағдайда оны рәсімдеу қажеттілігі туралы МӘСК қорытындысы;

- МӘС Жеке оңалту бағдарламасының (ЖОБ) болуы және оның іске асырылуы (техникалық құралдармен, жеке гигиена құралдарымен қамтамасыз ету және т.б.);

- мүгедектігі бар балаларға үйде оқыту шығындарын өтеу бойынша жәрдемақылар;

- әлеуметтік көмек пен түрлі қызмет түрлерін алу;

- отбасының әлеуметтік жағдайы: құрамы, қаржылық жағдайы, көпбалалы немесе аз қамтылған отбасыларға жергілікті атқарушы органдар тарапынан көмек көрсетілуі;

Б) баланың өзін-өзі күту және тұрмыстық дағдыларды меңгеруіндегі қиындықтары, ата-аналарға тұрмыстық және өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастыру бойынша ұсыныстар мен үй жағдайында қолдануға арналған арнайы оқыту бағдарламасын жасау.

Ата-аналардың шағымдары, медициналық және әлеуметтік-психологи-

ялық анамнез деректері бойынша әлеуметтік педагог әлеуметтік-педагогикалық тексеру қажеттілігін анықтайды. Тереңдетілген әлеуметтік-педагогикалық тексеру жүргізу көрсеткіштері:

- ауыр және көпқырлы даму бұзылыстарының болуы, мүгедектік мәртебесінің бар-жоғы немесе оны алу қажеттілігі;

- әлеуметтік көмектің жетіспеуі немесе мүлде болмауы (жәрдемақылар, жеңілдіктер және басқа да әлеуметтік қызметтер);

- балада әлеуметтік-тұрмыстық дағдылардың өрескел кешігуі немесе қалыптаспауы, оның әлеуметтік бейімделуіне және отбасының өмірін қалыптастыруға кедергі келтіреді;

- баланың әлеуметтік осал отбасынан шығуы (көпбалалы, аз қамтылған, әлеуметтік қаупі жоғары отбасылар: ата-аналарының алкоголь немесе есірткіге тәуелділігі және т.б.).

3. Әлеуметтік педагог әлеуметтік-педагогикалық тексеруді ПМПК мамандары жалпы тексеру кезінде жүргізеді. Егер тереңдетілген тексеруге көрсеткіштер болса, оны жеке кабинетте немесе басқа күні жеке жүргізу қажет. Әлеуметтік-педагогикалық тексерудің негізгі әдістері – құжаттаманы зерттеу, ата-аналармен әңгімелесу және сауалнама жүргізу, баланы бақылау.

Әлеуметтік-педагогикалық тексеруге қойылатын шарттар мен талаптар:

1) Ата-аналар үшін психологиялық тұрғыдан қолайлы жағдай жасау. Әңгімелесуді бөлек кабинетте немесе тыныш жерде жүргізу.

2) Әңгіме мейірімді үнмен әдепті түрде жүргізілуі керек. Ол тұрақты сұрақ қоюдың сипатында болмауы керек.

3) Егер ата-аналар қандай да бір себептермен сұрақтарға жауап беруден немесе әңгімеге қатысудан бас тартса, оларды мәжбүрлемей, басқа уақытта қайта талқылау ұсынылады.

3.3. ПМПК-дағы әлеуметтік педагог қызметінің тәртібі

I. Баланың әлеуметтік даму жағдайын зерттеу

1. Отбасының әлеуметтік сипаттамасы. Отбасының әлеуметтік мәртебесін нақтылау қажет:

- толық, тұрмысы төмен (1-2 баласы бар);
- толық, қаржылық жағдайы жақсы (1-2 баласы бар);
- толық, көпбалалы, тұрмысы төмен;
- толық емес, жалғыз баласы бар, тұрмысы төмен (1-2 бала);
- толық емес, жалғыз баласы бар, қаржылық жағдайы жақсы (1-2 бала);
- толық емес, көпбалалы, тұрмысы төмен;
- толық емес, көпбалалы, қаржылық жағдайы жақсы;
- мемлекет қамқорлығындағы, кеңейтілген отбасында, қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) бала;

- патронаттық, уақытша немесе асырап алған отбасы;
- босқындар, мигранттар, қандастар және т.б. отбасы.

2. Тұрғын үй-тұрмыс жағдайы:

- жеке баспанасы бар, жалдамалы пәтерде, жатақханада, баракта тұрады немесе жеке баспанасы жоқ;
- баланың жеке бөлмесі бар, ортақ бөлмеде өз бұрышы бар, ойыншықтары, кітаптары бар;
- коммуналдық жағдайлар: газ, суық және ыстық су, орталық жылыту, жылы дәретхана.

3. Әлеуметтік-психологиялық даму жағдайы:

- бала ата-анасының екеуімен немесе тек анасымен, әкесімен, әжесімен не басқа отбасы мүшелерімен бірге тұра ма;
- ата-анасы баланы тәрбиелеуге аз көңіл бөледі, оны күтуге басқа отбасы мүшелері (әже, ата және т.б.) немесе күтуші қатысады;
- ата-анасы әлеуметтік жауапсыз өмір салтын ұстанады (ішімдікке салыну, нашақорлық, үйсіздік және т.б.);
- босқындар, мигранттар, қандастар отбасыларының бейімделу қиындықтары мен әлеуметтік көмек алуғағы мәселелері.

4. Мүгедектігі бар балаларға әлеуметтік көмек пен қызметтер көрсетілуі, баспанаға, балабақшаға кезектен тыс тіркеу, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы, жергілікті атқарушы органдардың көмегі, көпбалалы отбасыларға жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек тағайындау.

5. Мүгедектігі бар балаларға көрсетілетін әлеуметтік қолдау мен қызметтерді зерттеу:

1) әлеуметтік жәрдемақылар мен жеңілдіктер: мүгедектікті анықтау, мүгедектік бойынша жәрдемақы, күтушіге жәрдемақы, үйде білім алатын мүгедектігі бар балалардың оқу шығындарын өтеу және т.б.;

2) есту аппараттары, протездік-ортопедиялық көмек, техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдар және арнайы қозғалыс құралдарымен қамтамасыз ету;

3) мүгедектігі бар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызметтер: стационарлық, жартылай стационарлық медициналық-әлеуметтік мекемелерде және үй жағдайында көрсету;

4) жеке көмекші (еріп жүруші тұлға), есту қабілеті бұзылған адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметтері;

5) санаторий-курорттық емдеу.

II. Баланың әлеуметтік өмірге қатысуы мен белсенділігін зерттеу

Әлеуметтік-педагогикалық тексерудің әдіснамалық негізі ретінде Жұмыс істеу, тіршілік әрекеті мен денсаулық шектеулерінің халықаралық Жіктемесі (ЖХЖ) қолданылады. Әлеуметтік педагог ЖХЖ шеңберінде зерттеу жүргізеді: баланың әлеуметтік дамуын және осы даму проблемаларын

белсенділік пен қатысу аспектілерінде зерттейді, сондай-ақ қоршаған орта факторларының оң және теріс аспектілерде әсерін зерттейді. Белсенділік белгілі бір тапсырманы немесе әрекетті орындауды білдіреді. Белсенділікті шектеу - бұл баланың күнделікті өмірінде болуы мүмкін белсенділікті жүзеге асырудағы қиындықтар. Қатысу-баланың әртүрлі өмірлік жағдайларға қатысуын сипаттайды (баланың қарым-қатынасқа, әртүрлі іс-шараларға, қоғам өміріне қаншалықты қатысатындығы). "Белсенділік және қатысу" доменінде әлеуметтік педагог келесі бөлімдерді зерттейді:

1) ұтқырлық (қозғалыс мүмкіндігі): отыра алады ма (еденде, орындықта, үстелде), тұру, еңбектеу, жүру, ғимарат ішінде және сыртында өздігінен қозғалуы, еңбектеп қозғалуы, техникалық құралдарды пайдалану арқылы қозғалу мүмкіндігі, көлікпен қозғалу мүмкіндігі; заттарды ұстай алуы, қолмен әрекет ете алуы;

2) өз-өзіне қызмет көрсету: ұқыптылық және өзіне қызмет көрсету дағдыларын меңгеруі;

3) тұрмыстық өмір: үй шаруасына қатысуы, ата-анасына күнделікті істерде көмектесу;

4) қоғамдық өмір: қоғамдық және көпшілік орындарға баруы; бару барысында кездесетін қиындықтар мен мәселелер.

Қоршаған орта факторлары бөлімінде келесі жайттар зерттеледі: отыруға, қозғалуға арналған арнайы құралдары бар ма; бала мен оның отбасына кім көмек көрсетеді; әлеуметтік қызметтерді алу мүмкіндігі; баланы тәрбиелеу мен қолдау мәселесінде ата-аналар мен әлеуметтік ортаның ұстанымы.

«Белсенділік және қатысу» бөлімін зерттеу үшін әлеуметтік педагог ата-аналармен сұхбат (әңгімелесу) әдісін қолданады. Сұхбат міндетті түрде арнайы жоспарға (Қосымша 1) сәйкес жүргізілуі керек. Сұхбат барысында мынадай сұрақтарға жауап алу қажет:

- баланың не істей алатыны, оның күшті жақтары;
- қандай әлсіз жақтары мен қиындықтары бар;
- қолайлы және қолайсыз (кедергілер) сыртқы факторлар.

Қоршаған орта факторларын зерттеу үшін мына ақпараттарды жинау қажет:

- отбасының алатын әлеуметтік көмегі мен қызметтері;
- әлеуметтік қолдау алудағы қиындықтар;
- қолайлы және қолайсыз (кедергілер) сыртқы факторлар.

Қолайлы және қолайсыз сыртқы факторлардың проблемалары мен әсерін бағалау ұпайлармен жүзеге асырылады (4-кесте).

Кесте 4. Қоршаған орта мәселелері мен факторларын бағалау.

Кодтар	Мәселелерді бағалау (балмен)	Мәселенің сапалық бағасы
Ағза функциялары b (1-7)	0	мәселе жоқ (өте болмашы, нашарлау байқалмайды)
	1	жеңіл мәселелер (әлсіз, кішігірім нашарлау)
Ағза құрылымдары s (1-8)	2	орташа мәселелер (орташа, айтарлықтай, орташа нашарлау)
Белсенділік, қатысу d (1-9)	3	ауыр мәселелер (жоғары, қарқынды, елеулі нашарлау)
	4	абсолютті мәселелер (толықтай, абсолютті нашарлау)
Кодтар	Мәселелерді бағалау (балмен)	Мәселенің сапалық бағасы
Қоршаған орта факторлары e (1-5)	0	кедергілер жоқ, жеңілдететін факторлар жоқ немесе өте аз
- кедергілер	1	болмашы кедергілер, жеңілдететін факторлар (жеңіл, кішігірім, әлсіз)
- жеңілдететін факторлар	2	орташа кедергілер (орта деңгейде)
	3	айқын кедергілер (ауыр)
	4	абсолютті кедергілер (толық)

Ата-аналармен әңгімелесу нәтижелері «ЖХЖ шеңберіндегі баланың белсенділігі мен қатысуын, қоршаған орта факторларын бағалау» нысанына енгізіледі (2-қосымша). Үлгі ретінде төменде бөлімдердің бірін – ұтқырлық пен қоршаған орта факторларын бағалау берілген.

Кесте 5. ЖХЖ критерийлері бойынша қозғалысты бағалау

Даму салалары	Бала не істей алады	Мәселе бағасы	1. ҚОЛАЙЛЫ ФАКТОРЛАР 2. КЕДЕРГІЛЕР
- дене қалпын сақтау - бір қалыптан екінші қалыпқа ауысу - орын ауыстыру	Қолдаумен отырады. Тірекке сүйеніп тұрады	Өздігінен тұрмайды, жүрмейді d450.2	1. Қолайлы факторлар: анасының, күтушісінің ұсыныстар мен мотивация алуға деген ұмтылысы, жүру дағдыларын қалыптастыруға ниеті e410 +3 2. Кедергілер: анасы мен күтушісінің бала жүру дағдысын қалай дамыту керектігін білмеуі және сенімсіздігі e410-1

Ескерту:

- «Мәселе бағасы d450.2» дегеніміз: d450 – ЖХЖ-дағы “жүру” тармағы, ал 2 – мәселенің балдық бағасы (орташа, орташа деңгейдегі проблема) – жүрудегі қиындықтың дәрежесін білдіреді.

- Қолайлы факторлар мен кедергілер: e410 – ЖХЖ-дағы «отбасы мен жақын туыстардың жеке көзқарастары» тармағы. -1 – кедергілердің мәселе мен оны жеңуге әсер ету дәрежесі, +3 – мәселені жеңуге қолайлы факторлардың әсер ету дәрежесі.

Кесте 6. ЖХЖ критерийлерінде қоршаған орта факторларын бағалау

Қоршаған орта факторлары	Отбасының әлеуметтік көмек пен қызметтерден алатыны:	Мәселе бағасы	1. ҚОЛАЙЛЫ ФАКТОРЛАР 2. КЕДЕРГІЛЕР
Өнімдер мен технологиялар (е): - жеке күнделікті пайдалануға арналған бұйымдар мен технологиялар е115 - жеке орын ауыстыру және ғимарат ішінде және сыртында тасымалдауға арналған бұйымдар мен технологиялар е120	Отбасы жөргектермен қамтамасыз етілген.	К р е с - л о - а р - ба мен ж е т е к а р б а ғ а м ұ қ т а ж е115.2.	1. Жеке оңалту бағдарламасын (ЖОБ) түзету үшін медициналық-әлеуметтік сараптамаға (МӨС) жүгіну е120+2. 2. Консультациялық көмек көрсету е440+2.

ЖХЖ шеңберіндегі баланың белсенділігі мен қатысуын бағалау бойынша нақты жағдайдың сипаттамасы және сипаттама бойынша бағдарламаны әзірлеу 4,5- Қосымшаларда ұсынылған.

5. Баланың және оның отбасының әлеуметтік қажеттіліктерін анықтау. Зерттеу нәтижелері (ата-аналармен жүргізілген сұхбат пен сауалнама, құжаттарды зерттеу, баланы бақылау) негізінде әлеуметтік педагог баланың және оның отбасының әлеуметтік қолдау мен қызметтерге мұқтаждығын анықтайды. Әлеуметтік көмек алу үшін өтінішті электрондық үкімет (eGov.kz) немесе ХҚКО (ЦОН) арқылы беру қажет.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес, «Электрондық үкімет» порталында («Egov.kz») «Әлеуметтік қамтамасыз ету» бөлімі әртүрлі әлеуметтік көмек пен қызметтерді қамтиды.

«Мүгедектігі бар адамдарды қолдау» бөлімі келесі қызмет түрлерін ұсынады:

1. Мүгедектікті белгілеу;
2. Мүгедектік бойынша жәрдемақы;
3. Күтім жасайтын адамға жәрдемақы;
4. Мүгедектігі бар балалардың үйде оқуына кеткен шығындарды өтеу;
5. Үйде күтім жасау жағдайында арнайы әлеуметтік қызметтер;
6. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде арнайы әлеуметтік қызметтер;
7. Протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету;
8. Арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;
9. Көмекші (компенсаторлық) техникалық құралдармен қамтамасыз ету;
10. Санаторийге жолдама беру;
11. Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша әлеуметтік көмек көрсету.

Жергілікті атқарушы органдардың, жұмыс берушілердің және өзге де ұйымдардың шешімі бойынша мүгедектігі бар азаматтарға қосымша әле-

уметтік көмек шаралары көрсетілуі мүмкін. Әр өңірде мүгедектігі бар баланың ата-аналарына арналған төлемдер мен жеңілдіктер әртүрлі болуы мүмкін, мысалы:

- мүгедектік бойынша әлеуметтік зейнетақыға үстемеақы
- егер шығыстар нормативтен жоғары болса, ЖКХ қызметтерін төлеуге арналған субсидиялар;
- көлік салығы бойынша жеңілдіктер;
- мүгедектігі бар баланың балабақшаға тегін баруы;
- “Отбасыларға көмек” бөлімі келесі қызмет түрлерін қамтиды:
 1. мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы;
 2. жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша әлеуметтік көмек;
 3. мүмкіндігі бар балаларды тәрбиелеп отырған тұлғаларға арналған жәрдемақы;
 4. көпбалалы отбасыларға жәрдемақы;
 5. тұрғын үй көмегін алу;
 6. мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу.

3.4. Баланың отбасына ұсыныстар әзірлеу

Баланың және оның отбасының әлеуметтік қолдау мен қызметтерге мұқтаждығы анықталып, сұранысы негізінде әлеуметтік педагог ата-аналарға ұсыныстар әзірлейді.

Ұсыныстар келесі түрде беріледі:

- ата-аналарға ұсынылатын әлеуметтік көмек түрлері бойынша әңгімелесу немесе ауызша түсіндіру;
- жазбаша ұсыныстар;
- ақпараттық парақтар, брошюралар, буклеттер

ПМПК құрылымындағы кешенді тексеруден кейін ұсыныстарды түсіндіру мақсатында ата-аналармен әңгімелесу міндетті кезең болып табылады. Ұсыныстар ата-аналардың сұранысына негізделуі тиіс (олар консультациядан не күтеді). Ауызша ұсыныстар беру – кеңес беру үдерісінің бір бөлігі болып табылады, оның тәртібі мен мазмұны «Отбасылық кеңес беру» тарауында қарастырылады.

Көбіне жазбаша ұсыныстар ауызша түсіндірмеден кейін беріледі және маман айтқан ақпараттың қысқаша жинақталған нұсқасын қамтиды. Жазбаша ұсыныстар келесі жағдайларда пайдаланылады:

- ұсыныстарда көп ақпарат болса және ата-аналар оны есте сақтауда қиындық көрсе, мысалы, әлеуметтік жәрдемақы немесе қызметтерді рәсімдеу алгоритмі бойынша нұсқаулықтар;
- ата-аналар ақпаратты жазбаша түрде жақсы қабылдайды, оны отбасы

мүшелеріне, білім беру, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының қызметкерлеріне ұсынуға, көрсетуге қажет кезде.

Жазбаша ұсыныстар қысқа, жақсы құрылымдалған, ұсыныстардың реті нақты көрсетілген және ата-аналарға түсінікті қарапайым тілде жазылуы қажет.

Жазбаша ұсыныстардың жеке түрі – ата-аналардың белгілі бір әлеуметтік-тұрмыстық дағдыны үй жағдайында қалыптастыру бойынша іс-қимыл жоспарын әзірлеу болып табылады («Отбасылық кеңес беру» тарауы).

